



Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі



Сырлы сөзбен өлең өрген

ҚР Мәдениет қайраткері, күйші, сазгер, өнер зерттеуші
Мақанов Қайыржан Байпақұлының туғанына 85 жыл
(1940-2023)

(библиографиялық жадынама)

Арқалық, 2025

*«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі*

Сырлы сөзбен өлең өрген

*ҚР Мәдениет қайраткері, күйші, сазгер, өнер зерттеуші
Мақанов Қайыржан Байпақұлының туғанына 85 жыл*

(библиографиялық жадынама)

ӘОЖ 78
ҚБЖ 85.31
С 93

Құрастырушы: М.Г.Жумағалиева
Шығарылымға жауапты: Ж.К.Абжанова
Мұқабаны безендірген: М.Г.Жумағалиева
Редактор: С.А.Алматова

«Сырлы сөзбен өлең өрген» [Мәтін] : [ҚР Мәдениет қайраткері, күйші, сазгер, өнер зерттеуші Қайыржан Мақановтың туғанына 85 жыл толуына орай әзірленген]: библиографиялық жадынама /Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі; [құраст.: М.Г.Жумағалиева; шығарылымға жауапты: Ж.К. Абжанова; ред.: С.А. Алматова]. – Арқалық : [б.б.], 2025. – б. – Сурет. – Қазақ тілінде.

Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі сазгер, өнер зерттеуші Қайыржан Мақановтың өмірі мен шығармашылық жолы жайында баяндайтын мағлұматтардан тұратын библиографиялық жадынама дайындады.

ӘОЖ 78
ҚБЖ 85.31
© М.Г.Жумағалиева

Мақанов Қайыржан Байпақұлы



Қазақстанның өнер зерттеушісі, домбырашы-сазгер, мәдениет қайраткері.

1940 жылы қазанның 20-да Қостанай облысы, Батпаққарада дүниеге келген. Ол Амангелді орта мектебін бітіргеннен кейін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына оқуға түседі. Талантты музыкант консерваторияны ойдағыдай бітіріп елге оралады. Ол үш жыл бойы, яғни 1961-1963 жылдар аралығында Амангелді орта мектебінде ән-күй пәнінің мұғалімі, Амангелді аудандық Мәдениет үйінің директоры қызметтерін атқарады.

1963 жылы Целиноград (қазіргі Астана) қаласында өткен тың өлкелік жастар фестивалінде Қайыржан Мақановтың жетекшілігінде өнер көрсеткен Амангелді аудандық Мәдениет үйінің халық аспаптар оркестрі жүлделі екінші орынды жеңіп алып, лауреат атанды. Осы қол жеткен жетістіктерді байқаған Алматы консерваториясының халық аспаптар оркестрінің басшылығы оны домбырашы қызметіне қабылдайды. Оның өнер жолына бірыңғай бет бұруы басталады. Қазақ радиосына музыка редакторы болып орналасады. Қазақ музыка өнері, оның ішінде ұлттық музыка саласындағы белгілі тұлғалармен етене араласуына жол ашылады. Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің арнайы жолдамасымен 1969 жылы Талдықорған облыстық филармониясының көркемдік жетекшісі қызметіне жіберіледі.

1970 жылдың қараша айында жаңадан ашылған Торғай облысына алғашқы өнер адамдары қатарында келіп, облыстық филармонияның көркемдік жетекшісі болып тағайындалады. Туған жердің өнерін көтеру мәселесінде ол нағыз патриоттық танытады. Оның тікелей араласуымен мәдени ірі шаралар жүзеге асты. Мәселен, 1974 жылы белгілі қоғам қайраткері, Торғай өнерінің қалыптасып, өркендеуіне өзіндік үлес қосқан Өзбекәлі Жәнібековтің тікелей қолдауымен ұйымдастырылған тұңғыш қазақ фольклорлық «Шертер» ұлт аспаптар ансамблінің алғашқы жетекшілерінің бірі болды. Оның басқаруымен ансамбль Қазақстанның барлық облыстарында, Ресейде, Өзбекстанда, Үндістанда, Корея, Вьетнам, Филиппин және Жапония елдерінде гастрольдік сапармен болып, қазақтың саз өнерін насихаттады.

1985-94 жылдары Торғай облыстық филармониясының, Арқалық музыка училищесінің директоры, Арқалық педагогика институтының музыка кафедрасының меңгерушісі қызметтерінде болды.

Белгілі мәдениет қайраткері 1994-2006 жылдары Ақмола (қазіргі Астана) музыкалы-драма театрының бас дирижері, Астана қаласы мемлекеттік филар-

мониясының орындаушы директоры, концерт бөлімінің меңгерушісі, Қазақ ұлттық музыка академиясында ұстаздық қызметтер атқарды.

1995 жылы Ақмоладағы (қазіргі Астана қаласы) музыкалық драма театрында «Саржайлау» атты қазақ халық аспаптар оркестрін құрып, өзі басшылық жасайды.

1998 жылы Астана филармониясының жанынан музыкалық лекторий ашып филармония артистерінің катысуымен «Біржан сал», «Ақан сері», «Жетісу әуендері», «Бұрынғы Бөкейхан ордасының әуендері», «Садық Кәрімбаев», «Әбілахат Еспаев», «Дәнеш Ракышев», «Манарбек Ержанов», «Шоқан және музыка», «Достық әуендері» деп аталатын т.б. тақырыптарда Президенттік Мәдениет орталығында бірнеше лекция - концерттер ұйымдастырды.

Қайыржан Мақанов композиторлық шығармашылықпен де айналысты. Оның туған жеріне арнаған «Алтын бесік» (сөзі Қ. Әбілөвтікі), «Туған жерім сағыныш» (сөзі С. Тұрғынбековтікі) әндері, «Амангелді сарбаздары» деп аталатын күй поэмасы, сондай-ақ әртүрлі тақырыптағы «Жоғалтпа жастығыңды», (сөзі С. Тұрғынбековтікі), «Астана бақыт мекені» (сөзі С. Досановтікі), «Өн-Астана» (сөзі С. Тұрғынбековтікі), «Мәриямнің соңғы әні» (сөзі А. Жұмабектікі), «Тіл туралы толғау» (С. Тұрғынбековтікі), «Дәм-тұз бұйырса» (сөзі Г. Өмірбекқызынікі) сияқты лирикалық әндері және «Аманкелді сарбаздары» деп аталатын күй поэмасы, «Алаш арыстарына тағзым» (Сағыныш) күй реквиемі, «Өзбекәлі – әз-аға», «Бапас күйі», «Ақорданың ақ жолы» күйлері көпшілікке кеңінен танымал.

Белгілі мәдениет қайраткері, сазгер, дирижер Қайыржан Мақанов өнер зерттеушісі ретінде көптеген ғылыми жұмыстарымен жұртшылықтың назарына іліккен зиялылардың бірі. Оның қаламынан туған Сегіз сері, Бөгенбай батыр, А.Затаевич, Н. Құлжанова, А. Янушкевич, Р. Елебаев, Ә. Еспаев т.б. қайраткерлер туралы тың деректі зерттеулер республикалық мерзімді баспа беттерінде қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді.

Ол туралы

1. Айтмұханов, Тұрлыбек. Хас талантқа құрмет көрсетті [Мәтін] : [мәдениет қайраткері Қайыржан Мақанов туралы] / Т. Айтмұханов // Торғай. - 2010. - 19 қараша. - 4 б..
2. Әбілтаев, Әбжан. Жыл келгендей жадырап... [Мәтін] : [облыстық филармония директоры Қайыржан Мақановпен сұхбат] / Ә. Әбілтаев // Торғай таңы. - 1992. - 30 мамыр. - 4 б..
3. Балтабаева, Ажар. Туған жердің мақтанышы [Мәтін] : [күйші Қайыржан Байпақұлы Мақанов] / А. Балтабаева // Қостанай таңы. - 2021. – 19 ақпан. – Б.11..
4. Ерболқызы, Зарина. Өнердің адал торысы [Мәтін] : [Құрмет орденінің иегері, мәдениет қайраткері Қайыржан Мақановтың Торғай өңірінде атқарған еңбегі туралы] / З. Ерболқызы // Қостанай таңы. - 2024. – 15 мамыр. – Б. 6..
5. Жақып, Ә. Торғай тарландары [Мәтін] : өмірбаяндық энциклопедия. 1-том / Ә. Жақып ; ред.: Б. Ахмет. - Астана: Парыз, 2009. - 176 б.:
6. Кәрімов, Сырымбет. Шертердің бүгіні мен болашағы [Мәтін] : [ансамбль жекетшісі Қайыржан Мақановпен сұхбат] / С. Кәрімов // Торғай таңы. - 1981. - 18 сәуір. - 4 б..
7. Қожахметов, Еркін. Арқаның еркесі, елінің елеулісі [Мәтін] : [мәдениет қайраткері Қайыржан Мақанов туралы] / Е. Қожахметов // Торғай. - 2010. - 26 қараша. - 4 б..
8. Қожахметұлы, Еркін. Біз білетін Қайыржан [Мәтін] : [күйші, әнші Қайыржан Мақанов туралы сыр] / Е. Қожахметұлы // Арқалық хабары. - 2010. - 29 қаңтар. - 4 б..
9. Қожахметұлы, Еркін. Баба жолын жалғаған [Мәтін] : [сан қырлы өнерпаз Қайыржан Мақанов туралы сөз] / Е. Қожахметұлы ; суретте: Қайыржан Мақанов // Қостанай таңы. - 2010. - 29 қаңтар. - 12 б..
10. Қожахметұлы, Еркін. Өмірін өнерге арнаған [Мәтін] : [күйші Қайыржан Мақанов туралы сыр] / Е. Қожахметұлы // Арқалық хабары. - 2011. - 21 қаңтар. - 4 б..
11. Мурсалимов, Альберт. Арқаның арқалы өнерпазы [Мәтін] : ҚР Мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, күйші, композитор, өнер зерттеуші Қайыржан Мақанов – 80 жаста / А. Мурсалимов // Aманкелді арайы. - 2020. – 23 қазан. – Б. 4..
12. Мұздаханов, А. Бабалар үні [Ноталар] : күйлер мен әндер жинағы / А. Мұздаханов ; құраст.: А. Мұздаханова ; компьютерде терген Қ. Ахметұлы ; алғы сөзін жазғ.: Қ. Мақанов. - Астана: Сарыарқа, 2008. - 122 б.:
13. Сәйділдаұлы, Сайлаубек. Торғайдың Өзбекәлсі [Мәтін] : [күйші Қайыржан Байпақұлы Мақанов] / С. Сәйділдаұлы // Аманкелді арайы. - 2024. – 19 сәуір. – Б. 3..
14. Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст.: Т. Рсаев. - Алматы: Арыс, 2013. - 456 б.: сурет.+ 16 бет жапсырма; 25 см. - (Жаңа энциклопедия Арыс)

15. Шайынғазы, Сейфолла. Биікке бастар баспалдақ [Мәтін] : [облыстық филормонияның директоры Қайыржан Мақанов туралы сөз] / С. Шайынғазы // Торғай таңы. - 1990. - 25 қазан. - 4 б..

Баспа бетінде жарық көрген мақалалары мен шығармалары

1. Мақанов, Қ. Өнерлі әулет өнегесі [Мәтін] / Қ. Мақанов. - Астана: Мастер-ПО, 2015. - 118 б.:
2. Мақанов, Қайыржан. Алғашқы әйел қайраткер [Мәтін] : [журналист Н. Құлжанова туралы] / Қ. Мақанов // Торғай таңы. - 1987. - 26 желтоқсан..
3. Мақанов, Қайыржан. Бізге беймәлім баян [Мәтін] : ["Қайғы атауы қайдан шыққаны туралы] / Қ. Мақанов // Қостанай таңы. - 2009. - 17 қараша - 5 б.. Егемен Қазақстан. - 2009. - 24 маусым..
4. Мақанов, Қайыржан. Бір елдің түлегі едік [Мәтін] : [журналист Жұматай Сабыржанұлы туралы] / Қ. Мақанов // Қостанай таңы. - 2007. - 13 шілде. - Б.
5. Мақанов, Қайыржан. Бір елдің түлегі едік [Мәтін] : [сатирик Жұматай Сабыржанұлы туралы естелік] / Қ. Мақанов // Қостанай таңы. - 2007. - 13 шілде. - 7 б..
6. Мақанов, Қайыржан. Көркем сөздің көсем шебері [Мәтін] : [Сәбит Досанов өмірі мен шығармашылығы туралы] / Қ. Мақанов // Жаңа Сарыарқа. - 2009. – № 6. - 15-18 б..
7. Мақанов, Қайыржан. Қобызшы [Мәтін] : [қобызшы, профессор Раушан Мұсақожаева туралы] / Қ. Мақанов // Егемен Қазақстан. - 2008. - 22 наурыз. – 15 б..
8. Мақанов, Қайыржан. Өтеулі ақын [Мәтін] : [ақын Өтеулі Тоғызбайұлы туралы деректер] / Қ. Мақанов // Жаңа Сарыарқа. - 2010. - № 1. - 45-52 б..
9. Мақанов, Қайыржан. «Шертер» ансамблі тарихынан бір үзік сыр [Мәтін] / Қ. Мақанов // ARQALYQ habary = Торғай. - 2019. – 20 қыркүйек. – Б. 6.

Қайыржан Байпақұлының әндері

Туған жерім сағыныш

Сөзі: **С. Тұрғынбековтікі**

Әні: **Қ. Мақановтікі**

Айға барып алыс сапар шек мейлің,
Дүниені түгел шарлап өт мейлің.
Туып-өсіп, кіндік қаның тамған жер,
Туған жерге ештеңе де жетпейді.

Қайырмасы:

Мақсатыма жету үшін ең басты,
Арманыма бақыт таңы жалғасты.
Туған жерім сағынышым мәңгілік,
Туған жерім махаббатым алғашқы.

Қадіріңді жеткізе алман бір әнмен,
Егер жаным егіз болса қыранмен.
Туған жерге ұшып барып дүние-ай,
Келбетіңді күнде көріп тұрар ма ем.

Қайырмасы:

Туған жерім сарқылмайтын сағыныш,
Сені ойласам шыдатпайды-ау жаным іш.
Сағынышым сарқылмасын десеңіз,
Сымтастың бір тұнығынан қанып іш.

Туған жерім-сағыныш

Әні Қ.Мақановтікі
Сөзі С.Тұрғынбековтікі

Орташа

Ай - га ба - рып а - лыс са - пар шек мей - лің,

Ду - ни - е - ні тү - гел шар - лап өт мей - лің,

Ту - ып - ө - сіп гін - дік қз - ның там - ған жер,

Ту - ған жер - ге ен - те - ңе де жет - пей - ді.

Қайырымсыз:

Мақ - са - ты - ма же - ту ү - шін ең бас - ты,

Ар - ма - ны - ма ба - қыт та - ны жал - ғас - ты,

Ту - ған же - рім са - ғы - ны - ырым мәң - гі - лік,

Ту - ған же - рім ма - хаб - ба - тым ал - ғаш - қы,

Ту - ған же - рім са - ғы - ны - ырым мәң - гі - лік,

Ту - ған же - рім ма - хаб - ба - тым ал - ғаш - қы.

Әнімсің сен, Қостанай

Сөзі: **С. Тұрғынбековтікі**

Әні: **Қ. Мақановтікі**

Көргенде көркейген қаланы,
Көңілің рахат табады.
Жүргенде Қостанай көшесінде,
Әсем ән қанатын қағады.

Қайырмасы:

Бұл өмірдің сәні – Қостанай,
Жүрегімнің әні – Қостанай.
Арқадағы еркем – Қостанай,
Ертегідей көркем Қостанай.
Тарихтың таусылмас дастаны-ай,
Сән болған, ән болған Қостанай.

Толқындар соққанда жағаны,
Желпиді Арқаның самалы.
Жүргенде Тобылдың жағасында,
Жүрегің жұбаныш табады.

Қайырмасы:

Әнімсің сен, Қостанай

Әні Қ. Мақановтікі
Сөзі С. Тұрғынбекөттікі

Көңілді

Көр - ген - де көр - кей - ген қа - ла - ны, _____

Кө - ні - лің ы - ра - хат те - бе - ды. _____

Жүр - ген - де Қос - та - най кө - ше - сін - ды, _____

Ә - сем ән _____ қа - на - тын _____ қа - га - ды. _____

Қайырымсыз:

Бұл ө - мір - дің сө - ні Қос - та - най, жү - ре - гім - нің

ә - ні Қос - та - най. Ар - қа - да - ғы ер - кем Қос - та - най,

Ер - те - гі - дей көр - кем Қос - та - най. _____ Та - рих - тың _____

тау - сып - мас _____ дас - тан - ай. Сан бол - ған _____

ән бол - ған _____ Қос - та - най. Қос - та - най. _____

Сазгердің өмірі мен өнер жолынан фото-суреттер



«Шертер» ансамблінің мүшелерімен бірге өнер көрсетуде.





Қ.Мақанов жетіген аспабында



Қ.Мақанов өнерпаздармен бірге




Жеке фото-суреттері




Қ.Мақанов жазушы С. Досановпен



Қостанай таңы. 2010 ж.
29 қаңтар. 126.



«Бабалар үні» кітабының
алғы сөзін жазған





Торғай. 2010 ж. 26 қараша. 4 б.



Кітаптың «Оттай ыстық отыз
жыл» бөлімінде Қ. Мақанов
туралы

Ол туралы жарияланған кітаптар






Қ.Мақановтың төл туындысы



Бұл жинаққа сазгердің әндері енген

Қ.Мақановтың басылым беттеріндегі мақалалары



(Нәзипа Құлжанованың туғанына 100 жыл толуына орай)

жыл толуына орай)

немесе "Қайғы" атауы
қайдан шыққан?



Егемен Қазақстан. 2008.
22 наурыз.15 б.

Бір елдің түлегі едік

Жұматай екеуіміз бір елдің түлегіміз. Әкелеріміз Сабыржан мен Байпақ бір-бірін жақсы білетін, нағашылы-жынді іпкіті де бар, кездесе кеткенде бір-бірін әурелеп, әзілдеп, қалжыңдасып жататын.

Мен 1950 жылдардың соңында мектебімді аяқтап, Алматыда оқуда жүргенімде Жұматай жас бала, бірақ кейірек Аманкелді ауданынан ара-тұра ел өмірінен жазған мақалаларын оқып, оның есіміне сыртынан қанық болдым.

1970 жылдың күзінде туған жерімізде Торғай облысы ашылып, көптеген жерлерістер облыс орталығы Арқалыққа жиналғанымызда, жаңада ашылған "Торғай таны" газеті қызметкерлерінің бірі болып Жұматайдың да келгенін білдік. Кездесіп те жүрдік. Ешкімді жаттырмайтын, асыға тез сөйлейтін, ойындағысын ірілмей ашық айтатын, әзіл-қалжыңға шебер жас жігіт екен. Ол алғашқы бір-екі жылдай қатардағы ғана журналист еді, енді шұғыл "мінез" көрсете бастады. Оның кейбір фельетондары мен сықақ-әңгімелері ешкімге де ұқсамайтын. Оның тілі аса уытты, шұрайлы да көркем болатын. Адам бойындағы қарапайым, көзбояушылық, немқұрайлық

секілді кесепат қылықтарды аймай ойнаған материалдарды бірінен соң бірі топта берді. Әсіресе, "Торғай танында" жарияланған, "Аспаннан қозы түсті" деген фельетоны. Оның қысқаша мазмұны – бір совхозда 40 мың қой болса, соның 25 мыңы саулық та, 15 мыңы еркек қой, бұл қағаз жүзіндегісі, ал шын мәнінде 35 мың саулық, 5 мың еркек қой. Ол өтіріктің себебі еркек қойдан қозы сұралмайды да, қағаз жүзінде еркек болып жүрген саулықтардың өсебінен көрсеткіш өсіп, әрбір жүз саулықтан пәленбай қозы алды деп орден, медаль беру. Бұл әдіс ол кезде бүкіл мемлекеттік деңгейде орын алып, қалыптасып кеткен жүйе болатын. Жұматайдың осы материалы туралы Москвадан "Правда" газетінің тілшілері Арқалыққа келіп, олардың "Кого уполномочи строки?" деген мақаласы "Правдаға" басылады. Содан Одақ кәлемінде айқай-шу болып, газет редакциясына обкомның бірінші хатшысының өз жауап беріпті дегенді естігенбіз. Ал, компартияның нағыз оттай күйіріп тұрған кезінде жарық көрген "Керенің кербезі бір керім" деп аталатын сықақ әңгімесінде аталмыш обкомның бірінші хатшының қолтығының астына кіріп алған газет

редакциясында машина бастатып, "Жық" аталып кеткен әйелдің озбырлық жияясы суреттелген. Ол кезде обкомның бірінші хатшысын былай қойғанда, қатардағы нұсқаушыларына тікелей қарай да алмайтын шақта мұндай мақала жазу қараңғы үйден бірақ шығумен пара-пар еді. Сондықтан да оған үлкен талантпен қатар, үлкен жүрекшіліктің де қажет екендігі белгілі. Сол қасиеттің барлығы, сол Жұматайдың бір ғана басынан табылып-ақ тұр ғой. Осы әңгімеден кейін Жұматай Сабыржанов есімі республикаға жайылып кетті.

1988 жылы облысымыз тарап, Жұматай отбасымен Ақмолаға (ол кезде Целиноград) жолдама алып, көшіп келді. Мұндағы баспасөз өміріне де әдеттегідей қызу араласты. Әсіресе, сықақ-әңгімелері мен фельетон жазуды тіпті ұнатты. 1994 жылы мен де қызметім Ақмолаға ауысып, "Жаңа" шағын ауданында көрші тұрдық. Отбасымызбен туыстай араластық. Жұматайдың жан жары Әмина Мүржүсіқызы да елге белгілі журналист-комментатор, телевиденінің бірдей бір қызметкері. Қыздары қолдарында тұрып, ұлы Саят Түркия университетінде оқитынды. Кейін

қыздары түрмис құрды. Саят болса бітірісімен астанада бизнес жұмысын тап, оны ұршықтай ұйрды. Жұматайдың өкі қызын құтты орнына қондырып, бұл дүниемен қоштасып кете барды. Саяттың тойына көре алмады. Өте өкінішті жағдай болды. Саят бүгінде Алматыда тұрады Әмина болса Саят бастаған үлкен бизнесті одан әрі жалғастыруда. Жұматайдың екінші жинағы Әмина мен балаларының арқасында өте болып басылып шықты. Бүгінде сықақ-әңгіменің сайыпқыраны Жұматай Сабыржановты білмейтін қазақ жоқ дегуге болады. Оның асыл еңбектерін халық сүйіп те, сүйсініп оқиды. Алғысқа енді ғана келген суреткерлер болғанда небір тандаларлық туындыларымен елді талай тамсандырар еді-ау. Оттең тәдір оған жазбады. Ендігі мақсат Жұматайдай зор таланттың жазып қалдырған аманатын кеңінен насихаттап, туындыларын мәңгілік ету. Ол баршамыздың міндетіміз, әсіресе оның туған-туымстары мен көрпес достарының.

Жұматайдың жан серігі Әминаны, балалары мен немерелерін суреткердің мерейітайымен құттықтап, оларға ұзақ өмір, шынайы бақыт тілейміз.

Қайыржан МАҚАНОВ,
ҚР мәдениет қайраткері,
өнер зерттеуші, саяхат
шілде, 2007 жыл

Қостанай таны. 2007. 13 шілде. 7



«Шертер» ансамблінің ән-күй жинағы СД 448



Мазмұны

1.Мақанов Қайыржан Байпақұлы.....	3-4
2. Ол туралы.....	5
3. Баспа бетінде жарық көрген мақалалары мен шығармалары.....	6
4. Қайыржан Байпақұлының әндері.....	7-10
5. Сазгердің өмірі мен өнер жолынан фото-суреттер.....	11-13
6. Ол туралы басылым беттерінде жарияланған мақалалар және әдебиеттер.....	14-16
7. Ол туралы жарияланған кітаптар.....	17
8. Қ.Мақановтың төл туындысы және әндері енген жинақ.....	18
9. Қ.Мақановтың басылым беттеріндегі мақалалары.....	19-21
10. «Шертер» ансамблінің ән-күй жинағы СД 448.....	22

This image shows a full page of blank, lined paper. It features approximately 28 horizontal blue or grey lines spaced evenly apart, typical of notebook paper. The lines extend across the entire width of the page, leaving small margins at the top and bottom. There are no vertical lines, text, or other markings present.

Шығ. жауапты: Ж.К. Абжанова
Құрастырушы: М.Г.Жумағалиева
Редакторы: С.А.Алматова

Басуға 13.10.2025 ж. қол қойылды.
Қаріп түрі: Times New Roman.
Басылымның көлемі: 7
Таралымы: 3 дана.

**Арқалық қаласындағы
облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**

110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.

Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.

Е – mail:arkounb@mail.ru